



ЖАС БУЫН
БОС ОТЫРМАЙДЫ

4-БЕТ | БІЛІМ



ЖАЗДА ҚАЙДА
ШОМЫЛАМЫЗ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



МУЗЕЙГЕ ІЗДЕНІС
КЕРЕК

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Азаматтарымыздың құқығын қорғау саласында кешенді шараларды қолға алдық. Негізгі мақсат – әділетті қоғам құру және соның арқасында даму-дың сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан біз осы бағыттағы маңызды реформаларды жалғастырамыз, жүйелі жұмысты тоқтатпаймыз.

№77
(4821)
Бейсенбі
3 шілде
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 20 370 672 адам болды.

Халық саны бойынша көшбасшы өңірлер – Алматы қаласы (2 314 929 адам) мен Түркістан облысы (2 150 992 адам). Сондай-ақ 1,5 миллионнан аса адам тұратын тығыз қоныстанған өңірлерге Алматы облысы (1 575 657 адам) мен Астана қаласы (1 566 566 адам) жатады. Миллионнан аса халқы бар өңірлер қатарында Қарағанды облысы (1 133 068 адам), Жамбыл облысы (1 220 481 адам) және Шымкент қаласы (1 274 296 адам) бар.

Мәлімет бойынша елімізде қала халқы басым болып отыр. Қалаларда 12 877 408 қазақстандық тұрса, ауылдық жерлерде 7 493 264 адам тұрады.



Ғылым және жоғары білім министрлігі 2025-2026 оқу жылына еліміздің жоғары оқу орындарына құжат қабылдау басталғанын мәлімдеп, шекті балдарды жариялады.

2025 жылғы 13-20 шілде аралығында талапкерлерден білім беру гранттары конкурсына, сондай-ақ ақылы негізде оқуға өтініштер қабылданады. Құжаттар egov.kz порталы арқылы онлайн немесе университеттер жанындағы қабылдау орталықтары арқылы тапсырылады.

Білім беру гранттары конкурсына қатысу және ақылы негізде оқуға түсу үшін ҰБТ нәтижелері бойынша келесі мынадай балдар белгіленген:

- «Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» бағыттары бойынша – кемінде 75 балл;
- «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» бағыты бойынша – кемінде 70 балл;
- Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 65 балл;
- Басқа жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 50 балл;
- Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетіне түсу үшін – кемінде 50 балл.

Астана күні мерекесіне орай елордада дәстүрлі түрде жүзден астам түрлі бағыттағы іс-шара ұйымдастырылады. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты мәлім етті. Биыл елорда тұрғындары мен қонақтары үшін ерекше оқиғалар, концерттер, шоулар, қойылымдар, акциялар, көрмелер, спорттық турнирлер және басқа да көптеген іс-шара әзірленді. Бірқатар мерекелік іс-шаралар басталып та кетті.

5-6 ШІЛДЕ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Көктал» сауда-ойын-сауық орталығында және Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23 мекенжайында («Рио-де-Жанейро» тұрғын үй кешеніне қарсы) тұрақты түрде жұмыс істейді.



ОТБАСЫМЕН ҚАЙДА БАРУҒА БОЛАДЫ?

Жаз мезгілі басталғалы бері Астанада әр демалыс және мереке күндері «Отбасы-Time» жобасы аясында мәдени іс-шаралар өтіп жатыр.

Бұл жазғы фестиваль елорда тұрғындары мен қонақтарына ашық аспан астында жылылыққа, қуанышқа және отбасылық жайлылыққа толы ерекше атмосфера сыйлауды мақсат етеді.

Іс-шаралар сенбі және жексенбі күндері: қалалық алаңда, «Жетісу» және «Жерұйық» саябақтарында өтеді. Жоба аясында балаларға арналған интерактивті аймақтар мен анимациялық бағдарлама; вокалдық және би ұжымдарының концерттік қойылымдары; кешкі би бағдарламасы ұйымдастырылады.

Астана күніне орай, 5-6 шілде күндері «Отбасы-Time» фестивалі Қалалық алаңда өтеді. Басталуы – сағат 14:00-де.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 613.28 \$ USD/KZT 519.29 ₸ RUB/KZT 6.62 ¥ CNY/KZT 72.51

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҮКІМЕТКЕ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиында ішкі және сыртқы көші-қон саласындағы негізгі үрдістер қарастырылып, Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаевтың, сондай-ақ Ішкі істер, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлерінің ақпараты тыңдалды.

Мемлекет басшысы көші-қон саясатын іске асыруда геосаяси факторлар мен сын-қатерлерді, демографиялық болжамдарды және халықтың көшу себептерін есепке алудың маңызына тоқталды. Президент заңсыз көші-қонды болдырмау бойынша бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің адами капиталын арттыруды ынталандыру

қажеттігіне назар аударды. Отырыс қорытындысы бойынша Үкіметке бірқатар нақты тапсырма берілді, соның ішінде мемлекеттік органдардың функционалдық міндеттеріне сараптама жасау мен қайта қарау және көші-қон саласындағы барлық ақпараттық жүйені интеграциялау ісін күшейту міндеті жүктелді.

300 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕЛГЕ ЖЕТКІЗІЛДІ

Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров Қазақстан Иран мен Израильде болған 300-ден астам азаматын елге қайтарғанын мәлім етті.

«Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік органдардың және шетелдік серіктестердің қолдауымен Иран мен Израильден Қазақстан азаматтарын эвакуациялаудың кезекті кезеңін аяқтады. Жалпы, Ираннан 233 қазақстан азаматы, ал Израильден 103 отандасымыз шығарылды» деді Айбек Смадияров елордада өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, министрлік пен елшіліктер өңірдегі жағдайды тәулік бойы бақылап, азаматтарға қажет консулдық

қолдау көрсетуді жалғастырып жатыр. «Әлеуметтік желіде көптеген сұрақ болды. Біз бұл жағдайды әуежайларда көрдік. Мысалы, Доха әуежайына тоқталсақ, сол кезде Қатарда шамамен 45 мың турист шыға алмай қалды, яғни 2-3 күн бойы түсініксіз жағдай болды. Өйткені авиакомпаниялардың ұшақтары ұша алмады, әуе жолдары жабық болды. Соған қарамастан, тіркеуде тұрған 150 азаматымыз нағыз «шоу» көрсете білді. Олар «Үкімет қайда қарап отыр? Ұшақтар

қайда, бізге неге жағдай жасамайды, бес жұлдызды қонақ үйлеріміз қайда?» деп біраз әбігерге салды. Бұл жағдайда адамдар әлемде не болып жатқанын түсінуі керек қой?! Ең бастысы, осы талаптардан бұрын елге аман-есен жету керек. Ал елге келгеннен кейін әуе компаниясына және туристік компанияларыңызға кез келген шағым түсіре аласыз. Сол өңірдегі ахуалды жақсы түсіну керек! Бірақ азаматтар біздің елшілікті өздерінің шағымдарымен үйіп тастады» деді ресми өкіл.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫНДАҒЫ АҚШАМЫЗ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарына доллар сатып алынған. Ұлттық қордан шетел валютасын сату көлемі 800 млн долларды құрап, бұл қаражат республикалық бюджетке трансферттер жасауға бағытталды.



Шілде айында 600-700 млн доллар көлемінде валюта сату жоспарланып отыр. Маусымда Ұлттық банк валюталық интервенциялар жүргізген жоқ, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) активтеріндегі валюталық үлесті ұзақмерзімді

кезеңде кемінде 40% деңгейінде сақтау мақсатында Ұлттық банк маусым айында биржалық саудада шетел валютасын сатып алу операцияларын жүргізді. Жалпы сома – 188 млн АҚШ доллары, бұл жалпы сауда көлемінің шамамен 4%-ын құрайды. Ұлттық

банк БЖЗҚ активтерінің сенімді басқарушысы ретінде инвестициялық портфельді әртараптандыру және ұзақ мерзімді нақты табыстылықты қамтамасыз ету үшін нарықтағы ахуалға байланысты валюта сатып алуды жалғастырады» делінген хабарламада.

ЫҚПАЛДАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Нұрлан Ермекбаевты қабылдады.

Кездесуде ШЫҰ аясындағы ықпалдастықты одан әрі дамыту перспективасы талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан ШЫҰ-ның тиімді әрі теңгерімді халықаралық

ұйым ретіндегі рөлін нығайтуға баса мән береді. Бұл қазіргі әлемдік саясаттағы сын-қатерлерге жедел үн қатуға ықпал етеді. Президент Қытайдың ШЫҰ-ға төрағалығын жоғары

бағалап, Ұйым тетіктерін жетілдіруге қолдау көрсететінін айтты. Бұдан бөлек, Қазақстанның Ұйым аясында ұсынған басты бастамаларын іске асыру жолдары қаралды.



ЕЛОРДАДА СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Сейсенбі күні Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов осындай мәлімдеме жасады. Тілшілер министрден елордадағы су тапшылығы сценарийінің қайталануы қаншалықты мүмкін екенін сұрады.

«Астанада су тапшылығы болмайды деп нақты айта аламыз. Өйткені қаланы ауыз сумен қамтамасыз ететін Астана су қоймасы көктемгі су тасқыны кезеңінде 100 пайыздан астам толтырылды. Қазір су кестеге сай беріліп жатыр» деді құзырлы министрлік басшысы. Ол су сүзетін станцияның құрылысына қосымша 418 миллиард теңге бөлінгенін айтты. Бұл жұмыстар қаланы болашақта толық ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қажет.

Нұржан Нұржігітов Астанадағы тұрғын үйлердегі су қысымының азаюы техникалық себептерде болуы мүмкін екенін жеткізді. «Шағын аудандарда болып жатқан су мәселелері техникалық ақауларға байланысты. Бір жерде насос жұмыс істемей қалады, бір жерде тұрба жарылып қалады. Бірақ тиісті мекемелер хабарлама түскенде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сол уақытта 1-2 сағат сондай жағдай болып қалуы мүмкін» деп түсіндірді министр.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев Үкімет отырысында қалалар мен ауылдарды ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары туралы баяндады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жыл соңына дейін барлық елді мекендерді 100% ауыз сумен қамтамасыз ету міндеті қойылған болатын. «Бүгінде қала халқының 99,3%-ы және ауыл тұрғындарының 97,5%-ы ауыз сумен қамтамасыз етілген. 10 өңірде бұл көрсеткіш 100%-ға жетті. Бұлар – Алматы, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Жетісу және Ұлытау облыстарының қалалары мен Маңғыстау

облысының ауылдары» деді ол.

Ведомство басшысы қалаларды сумен жабдықтау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Министрдің мәліметінше, еліміздегі 90 қаланың 73-і 100% ауыз сумен қамтамасыз етілген. Қалған 17 қала осы жылдың соңына дейін сумен толық қамтамасыз етіледі. Ал еліміздегі 6 148 ауылдың 5679-ы су құрылғыларымен жабдықталған. Оның ішінде, 4 420 ауылдық елді мекен орталық сумен жабдықтау жүйесіне қосылып, мыңға жуығында кешенді блок-модульдер орнатылған, 260 шағын ауылдық елді мекен құдық суын пайдаланады. Ал кейбір алыс ауылдарға су тасымалдау арқылы жеткізіледі. Қазір қалған 469 ауылдың 245-і республикалық бюджет пен Арнаулы мемлекеттік қор қаражат есебінен орталық су тарту жүйелеріне қосылуда, 224-іне жергілікті бюджет есебінен кешенді блок-модульдер орнатылатын болады. Жалпы биыл республикалық бюджет пен Арнаулы мемлекеттік қордан 442 жобаға 183 млрд теңге бөлінді. Қазірде өкімдіктер құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Бұл ретте бөлінген қаражат есебінен халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі де шешімін тапты. Атап айтқанда, 8,5 мың шақырымнан асатын қолданыстағы желілерге модернизациялау жүргізілді. Сонымен қатар ірі қалаларда су тазарту құрылғылары қайта жаңғыртылды. Мысалы, Астана қаласында құны 118 млрд теңге болатын су сорғы-фильтр станциясы салынып, магистралдық су құбыры қайта жаңғыртылды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында өңір өкімдіктері жобалардың дер кезінде аяқталуын бақылауға алып, жергілікті бюджетті нақтылау кезінде іске асырылып жатқан жобалар мен кешенді блок-модульдерді орнатуға қаражат қарастыруы керек. Министрлік су тарту жүйелерін, оның ішінде кәріз тазарту құрылғыларын жаңғырту бойынша да жұмыстар жүргізуде. Көптеген кәріз тазарту құрылғылары 50-60 жылдары салынып, қазірде орташа тозу деңгейі 65%-ға жеткен. Биыл осы бағытта жаңарту жүргізу үшін республикалық бюджеттен 25 млрд теңге бөлінді. Соның ішінде Қызылорда қаласының кәріз тазарту құрылғысына – 720 млн теңге және Леңгір қаласына 1 млрд теңге қарастырылды. Сонымен қатар Ақтау, Атырау, Қарқаралы және Қаражал қалаларында осы бағытта 4 жоба іске асырылуда» деп атап өтті министр.

Оның айтуынша, жалпы «Коммуналдық және энергетика секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында 45 қалада кәріз тазарту құрылғылары жаңғыртылып, 2,8 шақырым су бұру және 5 мың шақырым су құбыры желілері жаңартылады. Кәріз тазарту құрылғысы жобаларын іске асыру халықаралық қаржы институттарының қарыздары, облигациялық бюджет және бюджеттік кредиттеу сияқты түрлі қаржыландыру көздері есебінен жоспарланып отыр. Сондықтан тарифтің өсуіне жол бермеу үшін қолданыстағы кәріз тазарту құрылғыларын жаңғырту қажет. Министрдің сөзінше экологиялық қауіпсіздікті басшылыққа ала отырып, кәріз жүйелерін жаңарту жұмыстары ең алдымен елді мекендерде жүргізілетін болады.



ҚАЛДЫҚТАР ҚАЛАЙ БАСҚАРЫЛАДЫ?

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден бастаған мәслихат депутаттары тұрмыстық және құрылыс қалдықтарын басқару бағытында жұмыс істеп жатқан бірқатар нысандар қызметімен танысты.

Қала аумағында қазіргі таңда жалғыз рұқсат етілген қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны жұмыс істейді. «Алаш» тас жолының 6-шақырымында орналасқан нысанның 2018 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан екінші ұяшығы қазіргі таңда 95%-ға толған. Осыған байланысты қуаттылығы 2,1 млн текше метр болатын үшінші ұяшықты салуға арналған

жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

«Солтүстік жота» карьері маңындағы құрылыс қалдықтарын қабылдау және өңдеу алаңы 2025 жылдың өзінде 239 мың тоннадан астам қалдық қабылдады. Жақында болған өртке байланысты нысандағы өрт қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінді.

Ал «Astana Recycling Plant» қал-

дықтарды қайта өңдеу зауытында күн сайын 1 200 тоннаға жуық қалдық сұрыпталады. Мәслихат депутаттарына қалдықтардың ластануы мен бастапқы кезеңде сұрыптаудың болмауы қайта өңдеу тереңдігін шектеп отырғаны, 2025 жылдың соңына дейін зауытты жаңғырту, қосымша желілер орнату және қайта өңдеу деңгейін 10-15%-ға дейін арттыру жоспарланғаны айтылды. Мәслихат депутаттары жүйелі шаралардың маңыздылығын атап өтті. Атап айтқанда, қалдықтарды бастапқы сұрыптау жүйесін енгізуді, халықты хабардар етуді және инфрақұрылымды жаңғыртуды ұсынды.

ҚАНША БАЛА ҮЙІРМЕГЕ БАРАДЫ?

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының кезекті отырысында Мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыс бойынша дирекциялар қызметінің нәтижелері қаралып, жоспарлары тыңдалды.

Елорданың Мемлекеттік спорттық тапсырысты іске асыру дирекциясы және Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясы басшылары баяндама жасады. Бұл қос мекеме тура 1 жыл бұрын, яғни 2024 жылдың 01 шілдесінде құрылған.

Қалалық мәслихат депутаты Кендебай Адамбек жариялаған мәліметке жүгінсек, өткен жылы спорттық секцияларға 7 млрд, биыл 6 млрд теңге бөлінді. Былтыр және осы жылы 26000 ваучер берілді.

Қызмет көрсетуге 2024 жылы 337 кәсіпкерлер (мекеме) тартылса, биыл 407-ге жетті. Секциялар саны былтыр 930 болса, биыл – 1316. Барлығы 29 спорт түрі қамтылған. Өткен жылы секциялармен 12000 бала қамтылса, биыл 18000 бала қамтылады деп жоспарланған.

2024 жылы шығармашылық

тапсырысты іске игеру аясында 6 млрдтан астам теңге игерілді. 2025 жылғы бюджет – 6,1 млрд теңге. Бұл тапсырысқа 25539 бала тартылған. Ваучер саны – 27125 (1586 балаға екі ваучер берілді). Тапсырысты орындауға 465 бекітілген қызмет жеткізуші қатысады. Соның 395-і белсенді.

Биыл әзірге 9000 жаңа ваучерлер берілсе, былтыр 13 мың ваучер таратылды.

Қамтылғандардың ішінде 19,6 мың бала – мектеп жасындағы балалар. Бұл Астанадағы оқушылардың жалпы санының 7%-ын құрайды. Олардың 33,7% – ұлдар, 66,3% – қыздар. 6 мыңнан астамы – мектепке дейінгі жастағы балалар. Олардың 32,7 % – ұлдар, 66,3 % – қыздар.

Үйірме түрлері – 50, секция саны – 2305. Орташа жас – 9-10.

Мемлекеттік спорттық және

шығармашылық тапсырыс бойынша келесі жылдың 1 қыркүйегіне дейін Астана қаласы мен Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда және Шымкент өңірлерінде бірыңғай мемлекеттік жобасы іске асырылады. Шығармашылық, спорттық, білім беру тапсырыстары біріктіріліп, бәрі бір платформада болады. Бір ваучер бір балаға принципі іске асырылады. Бұл кезекті шешуге мүмкіндік береді. Негізгі үдерістер автоматизацияландырылады. Бұл қағазбастылықты азайтады.

Қалалық мәслихат депутаттары қала балаларының тек 30 % ғана секциялармен және үйірмелермен қамтылғандығын ерекше атап өтті. Қаржыландыруды әлеуметтік осал топтар санатындағы отбасылардың балаларына бірінші кезекте бөлуді ұсынды.

ЖАҢА ГҮЛЗАР АШЫЛДЫ

Байқоңыр ауданында қала күні қарсаңында Ахмет Жұбанов көшесінің бойында жаңа гүлзардың салтанатты ашылуы өтті. Қоғамдық кеңістіктің ашылу рәсімі мерекелік атмосферада аудан тұрғындары мен қонақтарының, шығармашылық ұжымдар мен белсенді азаматтардың қатысуымен салтанатты түрде өтті.



Бұған дейін аталған кеңістік бос, абаттандырылмаған учаске болатын. Бүгінгі таңда кешенді абаттандыру нәтижесінде жасыл желекке оранған, тынығуға және серуендеуге арналған заманауи гүлзарға айналды.

«Гүлзардың жалпы аумағы 7 мың шаршы метрден астам. Абаттандыру жұмыстары аясында 3 мың шаршы метр асфальт жабыны, 4 мың шаршы метр кеспетастар төселіп, көше жарық шамдары, орындықтар, қоқыс жәшіктері және өзге де сыртқы жиһаздар орнатылды.

Сондай-ақ 170 көлік орнына арналған автотұрақ жайластырылып, тұрғындар мен қонақтар үшін қо-

лайлы жағдай жасалды» деді Астана қаласы Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді.

Сонымен қатар гүлзар аумағына 10 мыңға жуық жасыл желек отырғызылып, 5 900 шаршы метр аумаққа арналған жергілікті суару жүйесі іске қосылды.

Бұл – кеңістіктің жасыл күйін ұзақ мерзімге сақтап, экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, маңызды инфрақұрылымдық мәселе де шешімін тапты, №5 мектепке кіреберіс жол толықтай абаттандырылып, оқушылар мен ата-аналардың жүріп-тұру қауіпсіздігі жақсарды.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ТУРНИРИ

Кеше елорданың Есіл ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» Астана күніне орай зейнеткерлер арасында тоғызқұмалақ турнирін ұйымдастырды. Ал шара Астана қаласы әкімдігіне қарасты Спорттық бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы мен Есіл ауданы әкімшілігінің қолдауымен өтті.



Ержан ҚОЖАС

Турнир басталмас бұрын Спорттық бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының нұсқаушысы Азамат Баилов пен орталық нұсқаушысы Сәуле Баймағанбетова қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Бүгінгі турнир «Менің қалам – Астана!» тақырыбымен қала күні қарсаңына ұйымдастырылып отыр. Тоғызқұмалақ – халқымыздың ең көне ойыны. Ал мұның адам зейінін арттырудағы пайдасы әлдеқашан дәлелденген. Біздің орталықтағы қызмет алушардың бұл ұлттық ойынға деген ықыласы да ерекше. Мұнан бөлек, шахмат, дойбы сияқты ойын түрлерінен де жарыс жиі болып тұрады. Кітапханалармен де тығыз байланыстамыз. Айта кетейін, біздің орталықта 7 түрлі сауықтыру қызметі қарастырылған әрі бұл тегін түрде көрсетіледі. Қазір орталықта 5600-ден астам қызмет алушы тіркелген» дейді Есіл ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Жанар Есенаманова.

Бөлім басшысының сөзінше, аталған турнир 61 мен 87 жас

аралығындағы зейнеткерлерді қамтыған. Бұлардың арасында қалалық ардагерлер арасындағы түрлі додаларға қатысып жүрген қариялар да жеткілікті көрінеді.

«Бүгінгі ойынның маңыздылығы сол, зейнеткерлердің басын қосып, яғни біздің бос уақытымызды тиімді өткізуде. Орталықтың бұдан да өзге қызықты әрі осындағы әр қызмет алушыға ұнайтын іс-шаралары өте көп. Мен тоғызқұмалақты ойнап үйренгеніме 3 жылдан асты. Өзіме қатты ұнайды әрі мұның адам миын дамытуда, ұмытшақтың алдын алуға пайдасы мол. Екіншіден, осы орталықтағы «Асыл мұра» оркестріне мүше болып та қабылданғанмын. Өзім музыка пәнінің мұғалімімін, домбыра тартып, баян аспабында ойнаймын. Қазір осындай спорттық немесе өнерге қатысты шаралардың барлығына да қатысып келемін» дейді зейнеткер Манзура Бекен.

Ардагердің сөзінше, мұндағы қызмет алушылар қаладағы түрлі өнер байқауы не спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орыннан көрініп жүр. Мысалы, биыл көктемде өткен аудандар арасында өткен тоғызқұмалақ турнирінде Есіл ауданы ардагерлері екінші орын алыпты.



Кездесу барысында Сенат депутаттары елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформалар туралы жан-жақты ақпарат беріп, Парламенттің заң шығару жұмыстары мен қабылданып жатқан заңнамалық бастамалар жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Еңбек ұжымдары өкілдері өздерін толғандырған сауалдарын қойып, әлеуметтік қорғау, медицина саласын дамыту, еңбек жағдайын жақсарту және кадр тапшылығын шешу мәселелерін көтерді.

Сенаторлар айтылған ұсыныстар мен пікірлерді назарға алып, оларды тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып қарастыруға уәде берді.

Ержан ҚОЖАС

ЛАГЕРЬ: БАЛА
ҚАУІПСІЗДІГІ –
БАСТЫ НАЗАРДА

Жазғы демалыс кезінде Астана қаласы бойынша 1-10 сынып аралығындағы 210 мыңнан астам оқушыны, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал санатындағы 11 мыңнан астам баланы арнайы демалыспен қамту жоспарланған. Жалпы білім беру ұйымдарының жанынан 92 мектеп лагері (55 200 оқушы), 192 бейінді лагерь (11 520 оқушы), 10 тақырыптық жоба (142 298 оқушы) және бір қала сыртындағы лагерь (1 400 бала) ұйымдастырылыпты. Сондай-ақ қала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне 4 мыңнан астам бала жіберіледі. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді.

Биыл 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай Ақмола облысы, Ақкөл ауданында орналасқан «Барап» балалар спорттық-сауықтыру орталығының ашылған еді. Жобалық қуаттылығы – бір ауысымда 200 бала, жазғы маусымда жалпы 1 400 бала демалады деп жоспарланып отыр. Мұнан бөлек, елордадағы 13 қосымша білім беру ұйымының базасында тақырыптық күндізгі лагерлер мен қолданбалы өнер, шет тілдері және жүзу бағыттары бойынша қысқа мерзімді үйірмелер жұмыс істейтін болады.


«Балалардың демалыс кезеңіндегі қауіпсіздігі – басты назарда. Осыған орай білім беру ұйымдарының басшыларымен бірлесіп, полиция, төтенше жағдайлар, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және қоғамдық денсаулық сақтау басқармалары өкілдерінің қатысуымен нұсқамалар, семинарлар және түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әрбір ұйымға қауіпсіздік техникасы туралы жадынамалар таратылды» деп жазады Астана қалалық білім басқармасы.

ЖОБАҒА 100-ДЕН
АСА МЕКТЕП ҚАТЫСУДА

Биыл 27 мамыр күні Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен әрі Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Студенттік құрылыс» және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының кезекті ХХІ еңбек маусымы ашылды. Жалпы аталған бағдарлама республиканың барлық өңірінде және Астанада жүзеге асырылады. Бағдарлама шыққалы 20 жылдан бері Астана қалалық «Жасыл ел» штабы елордада елеулі еңбек атқарып, 14 және 35 жас аралығында жұмыссыз жастар мен студенттерді, сондай-ақ ересек оқушыларды жазғы еңбек маусымында жұмысқа орналастырып келеді.

«Биыл «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 14 пен 35 жас аралығында 5200-ге дейін адамды жұмысқа орналастыру жоспарланып, оның ішін-

Бас қалада жазғы маусым басталғалы бір айдан астам уақыт өтті. Елорда көшелері өзге мезгілдердегідей емес, қазір қарбаласқа толы. Әсіресе, ауыл-аймақ пен басқа елден келген қонақтардың көптігін байқайсыз. Ал астаналық мектептер мен колледждер оқу жылын аяқтап, өз шәкірттерін жазғы каникулға аттандырғалы да біраз уақыт болған. Ал осы жерде аталған буынның үш айлық демалысы қалай өтуде? Лагерлерден бөлек, балалар мен жастар уақытын тиімді өткізу қалай жүзеге асып жатыр? Арнайы жауапты орындардан анығын білдік.



де көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды (14 жастан бастап) жазғы уақытта жұмысқа орналастыру көзделген. Жобаға қатысатын барлық жастар арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Олар қаланы көгалдандыруға, саябақтар мен мектеп аумақтарын тазартуға көмектеседі. Екіншіден, жобада жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдер ҚР Еңбек кодексіне сәйкес күніне 4 сағат жұмыс істейді. Осы жылы «Жасыл ел» еңбек жасақтарының ХХІ еңбек маусымы басталып кетті. Қатысушылар қаламыздың құрылыс нысандарына, қала маңындағы «жасыл белдеуде», әлеуметтік нысандарды, жалпы білім беретін мекемелер аумағында, қала саябақтарына, көгалдандыру жұмыстарына жұмылдырылады. Ал біздің биылғы ұранымыз – «Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» деп аталады» дейді «Жасыл ел» жоба жетекшісінің орынбасары Асылбек Абдурашитов.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде биыл «Жұмысшы мамандықтар жылын» жариялаған болатын. Бұл қазіргі еңбекқор және талантты жастардың батыл бастамаларының іске асуына негіз болмақ. «Жасыл ел» қозғалысы Президент бастамасын толығымен қолдап,

сондай-ақ елдің одан әрі дамуы үшін бар күшін салуда.

«Жыл сайын «Жасыл ел» жасақтары қатарындағы жастар қатары артып келеді. Айталық, 2022 жылы 1200-ден астам жас жұмыспен қамтылған болса, былтыр жазғы маусымда 4200-нан астам адам жұмыс істеді. Ал биыл 5200-ден астам жасты жұмыспен қамтылатынын айттым. Сондай-ақ «Жасыл ел» қозғалысы – 2005 жылдан бастап жүзеге асып келе жатқан кешенді бағдарлама. Сол жылы Астанада «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының республикалық штабы құрылып, артынша еліміздің барлық аймағында бөлімшелері ашылып, өз жұмысын бастап кеткен болатын» дейді Асылбек Бахытбекұлы.

Оның сөзінше, жобаны іске асыруда көптеген серіктес ұйым жұмыс істейді. Олардың қатарында «Bazis Construction» ЖШС құрылыс компаниясы, «Астана-Зеленстрой» АҚ және де бірқатар құрылыс нысандары мен қаламыздың барлық бақ және саябақтар бар. Оқушылар мен студенттерді жобаға тартуда 100-ден астам білім беру мекемелері, 20-ға жуық колледж және 10-нан астам жоғару оқу орындарымен меморандум жасалған.

«Жасыл ел» жобасына қатысып жатқанымға өте қуанышты-

мын. Бұл – тек жұмыс емес, мен үшін үлкен тәжірибе. Жаңа достар таптым. Біз бірге ағаш отырғызып, айналаны тазалап, табиғатты қорғап жатырмыз. Ең бастысы, елімізге пайдамыз тиюде. Менімен бірге достарым да табиғатқа қорған болып жүр. Болашақта да осы салада өз мамандығымды байланыстырғым келеді. Менің ойымша, әрбір жас осындай игі іске атсалысуы тиіс» дейді қаладағы №106 Жайлы мектептің 10-сынып оқушысы Нұрай Дүйсенғалиева.

МАҚСАТ –
ЕЛОРДА ТАЗАЛЫҒЫ

Расымен де аталған жоба 20 жыл ішінде көптеген жастың Отанға деген сүйіспеншілігін оятқандай. Әсіресе, олар елорданы жасыл желекке айналдыруда өздерінің бар жігерін, күш-қуатын бір арнаға тоғыстырды. Әрі көп жұмыссыз жастар мен студенттер жазғы еңбек маусымында жұмысқа орналасып келді.

«Жасыл ел» бағдарламасы жақсы бастама ретінде бүгінгі күнге дейін өз мақсатынан тайған емес. Қаншама студенттер мен оқушылар бос уақытын тиімді өткізе отырып, елге қызмет істеуде. Бір жағынан, өз өлкесін гүлдендіруге, көгалдандыруға атсалысса, екіншіден, әрбір

жас өзінің бос уақытын игі іске жаратып жатқаны қуантарлық жайт болып отыр. Мысалы, 11 маусым күні Астана қаласының Байқоңыр ауданында «Жасыл ел» жобасы жастарының қатысуымен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасымен «Таза сәрсенбі» экологиялық акциясы өтті. Сонда жүзден астам жас буын аумақтың жан-жағын ретке келтірді» дейді А.Абдурашитов.

Ал келесі күні елордадағы Индустриялық парктің солтүстік-батыс аумағында Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы және «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығының қолдауымен «Жасыл ел» еңбек жасағы «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын да өткізген. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында өткен акцияның мақсаты – елорда тазалығымымен қатар, жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты қорғау мен оған ұқыпты қарау, қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеуге назар аударту, қоғамға үлгі болу арқылы экосананы ояту болып отыр.

Сол күні жүзден астам студент мен оқушы аумақтың жан-жағын ретке келтіріп, қоғамдық орындарды қоқыстан тазалап, қоршаған ортаның тазалығы мен сұлулығын сақтауға өз үлестерін қосқан.

«Артынша «Astana Invest» орталығы Индустриялық паркке арнайы таныстыру экскурсиясын ұйымдастырды. Яғни жастар арасында жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, өндірістік салаға деген қызығушылықты ояту, сондай-ақ болашақ кәсіби бағдар беруге ықпал ету мақсатымен осы шараны өткіздік. Экскурсияда Индустриялық парктегі құрастыру, өндірістік құрылыс және жоғары технологиялы зауыттардың жұмысы көрсетілді. Біздің қыз-жігіттер өндіріс процесін көзімен көріп, зауыттардың заманауи технологиялармен жабдықталу деңгейін тамашалады. Әсіресе, құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындар, металл конструкцияларын құрастыратын өндіріс орындары және жоғары технологиялық автоматтандырылған зауыттардың ішкі жұмысы біздің еңбек жасағын өте қатты қызықтырғандай» дейді «Жасыл ел» жоба жетекшісінің орынбасары.

Экскурсия барысында студенттер мен оқушыларға арнайы кәсіби бағыт-бағдар беру сессиялары, тәжірибелі инженерлер мен зауыт басшыларымен кездесу, сұрақ-жауап алаңы қамтылған. Әрі мұндағы инвестициялық жобалар мен болашақтағы жұмыс орындары туралы кең ақпарат та берілді.

КЕҢЕС КЕРЕК ДЕСЕҢІЗ...

Астана қаласында ваучерлік қаржыландыру жүйесінің қанатқақты жобасы іске қосылғаннан бері, ата-аналарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында 6 аудан бойынша қосымша консультациялық пункттер жұмыс істейді, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Консультациялық пункттерде ваучерлік жүйенің тәртібі мен кезеңдері туралы тегін кеңес беріледі.

Консультациялық пункттердегі жауапты консультанттар туралы байланыс ақпараттар төмендегідей:

Алматы ауданы бойынша жауапты консультанттар:

- Гусманова Толқын Қадірбайқызы: +7 705 873 0095;
- Жамалиева Кенжетай Сағындыққызы: +7 701 240 5091;
- Ермағамбет Самал Қуандыққызы: +7 702 437 7680;
- Ибрагимова Айжан Шакировна: +7 701 522 2268.

Байқоңыр ауданы бойынша жауапты консультанттар:

- Рахимжанова Динара Муратовна: +77073799769;
- Тағаниязова Әйгерім Жұмабергенқызы: +77781554847;
- Алтайбаева Искра Нурланқызы: +77759244299;
- Каратаева Альбина Бекжановна: +77019045470.

Есіл ауданы бойынша жауапты консультанттар:

- Ақылбекова Орынбасар Аблаевна: +7 702 182 0768;
- Отарбаева Ақдидар Ордабекқызы: +7 702 545 7566;
- Алтаева Әсел Сапарбековна: +7 701 944 8312;
- Орынғалиева Салтанат Қайратовна: +7 783 166 483.

Нұра ауданы бойынша жауапты консультанттар:

- Аралбаева Лилия Ғаниқызы: +7 775 161 6699;
- Уатаева Әсима Қайыргелдинқызы: +7 702 112 5645;
- Домова Арайлым Нұрсейітқызы: +7 777 041 4241;
- Күркенова Айзат Қайырбекқызы: +7 776 213 3231.

Сарыарқа ауданы бойынша жауапты консультанттар:

- Ахметова Әлмира Әниярқызы: +7 758 386 182;
- Валькеева Айгүл Ерженқызы: +7 707 227 9434;
- Баймолдинова Сауле Ерланқызы: +7 747 683 7223;
- Мұхамеджанова Зарема Ерболатқызы: +7 776 112 0236.

Сарайшық ауданы бойынша жауапты консультанттар:

- Напбаева Дана Алданазарқызы: +77779874163;
- Ахметжанова Гулжан Далелхановна: +77022617945;
- Елюбаева Айнура Бақытовна: +77012622929;
- Махметова Асель Табитовна: +77029086777.

Консультацияларды дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 08:30-дан 18:00-ге дейін жауапты тұлғалардан алуға болады.

ЖАЗДА ҚАЙДА ШОМЫЛАМЫЗ?



Гүлмира
АЙМАҒАНБЕТ

АЗИЯ ЕЛДЕРІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТҚАН

Еліміздің кей өңірлерінде жаз тым ыстық болғандықтан, қазақстандықтардың көбі шетелде – теңіз жағалауында демалуды үрдіске айналдырған.

«Быттыр ел тұрғындарының басым бөлігі Түркияны таңдады. Атап айтқанда, демалушыларды қабылдауда Анталья, Бодрум қалалары көш бастап тұр. Одан кейінгі орында – Дубай мен Абу-Даби қалалары. Өйткені табысы орта және жоғары дәрежедегі адамдардың да Біріккен Араб Әмірліктеріне деген сұранысы жоғары. Үшінші орында Египетті айтуға болады. Қазақстандықтар Хургада, Шарм-эш-Шейх жағажайларында жыл бойы демалады десек артық айтқанымыз емес. Биыл да барушылардың қатары өте көп. Өйткені қолжетімді бағыттарды кез келген туристік агенттіктер ұсына алады. Ал биыл Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне сұраныс өскенін байқадық. Оған Вьетнам, Таиландқа ұшатын тікелей рейстердің ашылуы әсер етті. Виза талаптары жеңіл болғандықтан, Грузияға барып демалатындар да бар. Әрине, табысы бар адамдар үшін Мальдив аралдары мен Греция, Қатар алдыңғы орында тұрады» дейді туризм саласының маманы Гүлбану Еділова.

Оның айтуынша, Түркияда демалу Дубайға қарағанда арзан. Тікелей билеттер, all-inclusive ұсыныстар және бюджеттік демалыс ұсыну арқылы әзірге алдыңғы орында тұр екен.

Елорда тұрғыны Исатай Бердалыұлы осыдан бес ай бұрын досымен бірге Мысырда демалғанын айтты. Небәрі 220 мың теңгеге бір апта бойы Қызыл теңізде шомылған.

«Компас тур арқылы төрт жұлдызды қонақүйді таңдадық. Бару-қайту билетіміз, үш мезгіл тамақ – бәрі соның ішінде болды. Оған қоса, туристке қажет медициналық сақтандыру бар. Бізге бағасының қолжетімділігі ұнады. Биыл да отбасымызбен шетелде демалуды жоспарлап отырмыз. Өйткені Астана іргесіндегі Бурабай, Зерендіге бұған дейін барғанбыз. Қызмет көрсету сапасы әлі де жетілсе деп ойлаймын. Оның үстіне жазғы маусымда бағаның өсетіні – заңдылық» дейді ол.

АЛАКӨЛГЕ ЖЕТУ ЖЕҢІЛДЕДІ

Биыл Алакөлге қарай Астана, Алматы, Павлодар, Қызылорда, Семей, Өскемен, Ақтоғайдан 13 пойыз қосылғаны белгілі. Оның ішінде «Тальго» жүрдек пойыздары бар. Ұшаққа ке-

Жаз маусымы басталғалы елдің көбі демалысқа шығып, суға шомылғысы келеді. Қалтасы қалыңдар теңіз, мұхит асса, өз елімізді таңдағандар Алакөл, Балқаш және Бурабайға қарай ағылады. Жалпы елордалықтар қайда демалғысы келеді? Түркия, БАӘ, Таиланд, Мысыр сияқты елдерге сұраныс неге көбейді? Бұл туралы мамандардың өзінен сұрағанды жөн көрдік.

летін болсақ, Үржар қаласына дейін SCAT әуекомпаниясының рейстері аптасына 6 рет ұшады. Осылайша, ең алдымен, Алакөлге жетудің жолы жеңілдеді.

«Ұлым екеуіміз дәл қазір Алакөлде (Қабанбай) демалып жатырмыз. Бірақ саябақ жақтағы жағажайда дәретхана жоқ. Біреу бар, есігінде құлып тұр. Сол маңдағы саудагерлерден сұрасам, «Дәретхана орнатты, бірақ жабық тұрады» дейді. Ел қайда барады десем: «жақын маңдағы қонақүйлер мен шидің арасына» дейді. Сонда мына дәретхананы не үшін орнатты, кімге сақтап отыр? Неге демалуға келген адам сабылып дәретхана іздеп жүруі керек? Айтпақшы, Алакөлдің бас жоспарын Түркия мен Мысыр стандартымен әзірлейін деп жатыр екен. Дәретханаларын да сол елдердегі стандарттармен орнатса екен» дейді Айнұр Санабекқызы.

Шынында, еліміздегі курортты аймақтардың әдемілігін, суының тазалығын айтуын айтып-ақ

созылады. Осы мерзімде демалыс орындары барынша туристерді тартуға, жайлы демалыс ұйымдастыруға әрекет ететіні белгілі. Елімізде отандық туризмді дамытуда кешенді жоспарлар қолға алынғаны белгілі. Мәселен, бір ғана Бурабайда 2025-2029 жылдар аралығында 118 жобаны жүзеге асыруға 137 млрд теңге қарастырылған. Биыл маусымнан бастап Астана-Бурабай бағытында электр пойызы аптасына 5 рет жүреді. Инфрақұрылым мен қауіпсіздік, қызмет сапасы жөнінде барынша халықаралық деңгейге айналып келеді. Бурабаймен салыстырғанда Қапшағай су қоймасының дамуы баяу. Дегенмен оның да өз демалушысы жетеді. Қазақстандықтар жиі демалатын су жағалауы отбасы демалысы орны ретінде қалыптасқан. Оның үстіне жағажайдағы қызмет сапасы жыл сайын жақсарып келеді.

«Комфорт пен экзотика іздегендерге дәл қазіргі уақытта



келеміз. Бірақ қызмет сапасына келгенде әлі күнге дейін кемшін тұсы жетерлік.

Алакөлде демалудың бағасына келсек, қарапайым пансионаттарда бөлме бағасы тәулігіне шамамен 8000-18000 теңге аралығын құрайды. Оған үш мезгіл тамағы кіреді. Комфорт деңгейі жоғары базаларда – тәулігіне 52000 теңге. Ал екі адамға арналған қымбат пансионаттар 60000 теңгеге дейін барады.

КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСКЕН ЕМЕС

Елімізде шомылу маусымы шілдеден қыркүйекке дейін

ТУРИЗМГЕ ТҰСАУ САЛҒАН НЕ?

Бұл мәселе басылым бетінде бұған дейін де бірнеше мәрте

көтерілді. Быттыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамыту жөніндегі кеңесте туризм саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру қажет екенін айтқан.

«Дүниежүзілік экономикалық форумның бағалауы бойынша еліміз туризм саласындағы іскерлік ортаны дамыту деңгейі тұрғысынан 119 елдің ішінде 70-орында тұр. Бұл мақтанатын көрсеткіш емес. Демек, бұл салада бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасалмаған. Сол себепті туристер нөпірі артқанына қарамастан, курорттық аймақтардағы орын саны өспек тұрмақ, керісінше, азайып барады. Алакөл демалыс аймағының Жетісу облысы жағы мен Алматы тау кластері көш соңында келеді. Алакөлдегі қонақүйлер, отельдер мен туристік базалардың саны 24-ке, ал Алматыда 16-ға қысқарған. Соның салдарынан бюджет тұрақты салық түсімінен, ал өңірлер жұмыс орындарынан қағылып отыр» деген еді. Яғни елдегі туризмнің баяу дамып жатқанын осылай сынағ алды.

ЕЛОРДАНЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Ішкі туризмді дамыту мақсатында елорданың туруператорлары ұйымдастыратын 79 түрлі туристік маршрут іске қосылған. Маршруттарға Ақмола облысына (Бурабай курорты, Зеренді, Бұйрат аултық паркі, Сілеті каньоны, Родина ауылы және т. б.), Қарағанды облысына (Қарқаралы, Қорғалжын қорығы, Балқаш), Павлодар облысына (Баянауыл), сондай-ақ тарихи турлар («АЛЖИР» лагері, «Карлаг» лагері, Мәшһүр Жүсіп Көпеев кесенесі, Қабанбай батыр кесенесі) және атқа міну турлары кіреді. Туристік бағыттардың орындарына туристер туруператордан (автобус) ұйымдастырылған трансфер арқылы немесе өз бетімен (автокөлік, пойыз) жете алады. Дегенмен ішкі туризмнің дамымай жатқанының бір себебі – келушілердің көңілінен шыға алмау. Өйткені тұрғындар демалыс орындарындағы тамақ пен жатын орындардың қымбаттығына шағымдана, енді бірі берген ақшамызға сай қызмет көрсетпеді деп реніш білдіріп жатады. Мұның бәрі, шын мәнінде, туристік нысандардың дұрыс ұйымдастырылмауынан деуге әбден болады.

Қазіргі демографиялық саясатымыз фрагментті және нақтыланбаған сипат алуды жалғастыруда. Демография мен көші-қонды басқару функциялары әртүрлі ведомстволар арасында шашыраңқы орналасқан, бұл жүйелі талдау, белсенді жоспарлау мүмкіндігін болдырмайды. Нәтижесінде демографиялық дамудың бірыңғай жүйесі жоқ, іске асырылатын бағдарламалардың тиімділігі төмендейді, институционалдық және аумақтық теңсіздіктер күшейеді.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Осыған байланысты мынадай ұсыныстарым бар: Біріншіден, Қазақстан Республикасының демографиялық саясатының тұжырымдамасын әзірлеу және қабылдау. 2011 жылы мемлекеттік демографиялық саясат тұжырымдамасы күші жойылғаннан кейін елде осы саладағы стратегиялық басымдықтарды айқындайтын жүйелі негіздемелік құжат жоқ. Бұл институционалдық вакуумға алып келіп, елді ведомствоаралық ықпалдастық пен бағдарламалық мақсат қою құралынан айырды. Бұл ретте, Қазақстан бірқатар тұрақты және күшейіп келе жатқан келесідей демографиялық сын-қатерлерге тап болып отыр: туу деңгейінің төмендеуі – дерек бойынша туудың жиынтық коэффициенті 3,02-ден (2021 ж.) 2,96-ға (2023 ж.) дейін төмендеді; халықтың қартаюы – 60 жастан асқан азаматтардың үлесі 13,2%-ға жетті (2023 ж.) және 2050 жылға қарай 16,7% деңгейінде болжануда, бұл Қазақстанды «қартаю қоғамы» ретінде саралайды (БҰҰ жіктемесі бойынша); аймақтық диспропорциялар – бірқатар солтүстік және шығыс аймақтарда депопуляция және тұрақты көші-қон ағыны процестері байқалады; урбанизацияның өсуі – шағын және орта елді мекендердің деградациясымен қатар жүретін агломерациялардағы халықтың шоғырлануы күшеюде; көші-қон ағынының өсуі, әсіресе жастар мен білікті кадрлардың кетуі. Бұл сын-қатерлердің кешенділігі жеке бастамаларды емес, біртұтас, ведомствоаралық үйлестірілген және ғылыми негізделген тәсілді қажет етеді. Тұжырымдама өмірлік циклдің туғаннан бастап белсенді ұзақ өмір сүруге дейінгі барлық кезеңін қамтуға, аумақтық саясат, еңбек ұтқырлығы, репродуктивті және көші-қонды жоспарлау құралдарын қамтуға және Қазақстанның 2050 жылға қарай өзінің демографиялық келбетін қалай көретінін айқындайтын бағдарларды қамтуға тиіс.

Екіншіден, демографиялық саясатты іске асырудың институционалдық тетігін күшейту. Жаңа орталық мемлекеттік органның құрылуы – қажетті қадам. Қазір демографиялық және көші-қон саясаты үшін бірыңғай жауапты орталық жоқ. Бұл өкілеттің бұлыңғырлануына және басқарудың төмендеуіне әкеледі. Осыны ескере отырып, қолданыстағы мемлекеттік органдардың біріне нормативтік деңгейде тиісті функцияларды бекітіп, кеңейтілген үлестіру мандатын беру нұсқасын қарастыру ұсынылады. Мұндай қадам: халықтың өсімін молайту, көші-қон, жұмыспен қамту, әлеуметтік саясат және өңірлік жоспарлау саласында тұтас стратегиялық үйлестіруді қамтамасыз етуге; демографиялық процестер мен мінез-құлық факторларының жүйелі мониторингі негізінде болжамды және сценарийлік тәсілді енгізуге; жауапкершілікті, ресурстарды және сараптаманы ұлттық және аймақтық деңгейде бүкіл демографиялық күн тәртібінің драйвері бола алатын бір операциялық қабілетті шешім қабылдау орталығына шоғырландыруға алып келеді.

Үшіншіден, демографиялық саясатты жүйелі аналитикаға сүйенбестен жүргізу мүмкін емес. Қазақстанда ұрпақ өсімі мен азаюын жан-жақты зерттеуді қамтамасыз ете алатын пәнаралық ғылыми инфрақұрылым жеткіліксіз. Бүгінде мемлекеттік органдар Еңбек ресурстарын дамыту орталығының болжамдарына тек қана туу, өлім-жітім, халықтың келуі мен кетуі деңгейін ескеретін мәліметтерге ғана сүйеніп отыр, алайда бұл көрсеткіштердің артында тұрған бірқатар әлеуметтік және демографиялық факторды ескермейді. Осыған орай, әлеуметтанушыларды, экономистерді, статистерді, урбанистерді, репродуктивті денсаулық сақтау мамандарын біріктіретін демографиялық және көші-қон процестерін талдаудың ұлттық орталығын құруды ұсынамыз.

Төртіншіден, демография саласында кәсіби кадрларды даярлау және дамыту. Мемлекеттік демографиялық саясаттың ең осал элементі – білікті кадрлардың тапшылығы. Соңғы онжылдықтар ішінде Қазақстанда демографтарды даярлау іс жүзінде жеке бағыт ретінде жүзеге асқан жоқ.

Амангелді ТОЛАМИСОВ,
Сенат депутаты

Айгүл УАЙС

ҚАРАӨТКЕЛ – ҚАЛА ТАРИХЫНЫҢ БАСТАУЫ

Мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының құрылымдық бөлімшесінде тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету орталығы орналасқан. Орталық Астана қаласының тарихи-мәдени мұрасын сақтау, қайта қалпына келтіру және насихаттау жұмысымен айналысады. Одан бөлек, жеке музейлер де қала қонақтарына танымал болып қалды. Бірақ әрқайсысының орны бөлек. Бір кемшілігі сол, қаланың жеке дара өлкетану музейі болмаған соң, маңызды мәселе деп тілге тиек етіп отырмыз.

Байырғы тұрғындардың айтуынша, қала музейі қазіргі филармонияның қарсы бетіндегі Кеңесары көшесіндегі «Астана» аталатын дүкеннің ғимаратында ашылған екен. Ол көпес Кубриннің үйі әрі дүкені болған дейді. Бертінге дейін жұмыс істеген музей мемлекет астанасы – Ақмолаға көшіп келгенде жабылып қалады. Музей жабылғанмен, жәдігерлер жойылмайды ғой, бірсыпырасы қоныс аударған облыс орталығы – Көкшетауға, енді бірі қаланың басқа да мұражайларына бөлінді. Басым бөлігі қалалық архивте шаң басып жатыр. Шашырап кеткені болмаса, оның бәрі – қаланың тарихынан сыр шертетін жәдігерлер. Өкініштісі – лайықты бұрышын таппағаны. Көз алдымызда өркен жайып келе жатқан елорданың ежелгі тарихымен таныстыратын бұрынғы экспонаттардан бөлек, 30 жылдық тарихының шежіресі де музей ашылған күні түгел жиналатыны анық. Тек ниет болсын!

АСПАН АСТЫНДАҒЫ АҚИҚАТ

Осыдан біраз бұрын Долинка кентінің саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске сақтау музейіне жол түсті. Деректерге қарағанда, өткен ғасырдың басында Ресейден жер аударылып келген немістер негізін қалаған, Ақмола уезіне қарасты елді мекен. Қоңыртөбе деп аталған қазақтың қоңыр жері немістердің ғана емес, 30-жылдардың соңында басталған бұрынғы Кеңес Одағының тоталитарлық жүйесінің ғаламат қуғын-сүргінінің орталығы, саяси террордың салтанат құрған тозақты түрмесіне айналды.

Болашақ ұрпақ үшін дейміз ғой, бұл да аса қажет музей. Бұл жер бетіндегі барша зұлымдыққа қарсы сөзіміздің дәлелі, тотали-



МУЗЕЙ ІСІНЕ ДЕ ІЗДЕНІС КЕРЕК

Астана музейі жоқ қала емес. Қазіргі уақытта Астана қаласы әкімдігінің «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» құрамына бірнеше мұражай кіреді.

тарлық саясат құрбандарына құрметіміз, соған жеткізген жүйеге қарсылығымыз болып қалмақ. Уақыт өткен сайын аға буынның талайына түскен ауыр сынақ ұмытылып, көрген қиыншылығы көмескіленіп, көп нәрседен хабарсыз, алаңсыз жаңа ұрпақ дүниеге келеді, осылайша тарих дөңгелегі алға жылжи береді. Бірақ ол адамзат жадынан өшпеуге тиіс, қанды оқиғалардың жер бетінде қалдырған ізін мықтап шегендеп тастауымыз керек.

Туризм нысанына айналған мұндай жерлерді «қара туризм, қаралы туризм» деп атайды. Оның тарихы кісі өлімімен, жан азабымен, үреймен, қорқынышпен байланысты. Яғни қаралы туризм – өте ауыр да қайғылы оқиғалармен байланысты, салыстырмалы түрде жаңадан дамып келе жатқан туристік бағыт. Тұжырымдаманың өзін 1996 жылы Каледон университетінің қызметкерлері айналымға енгізген екен. Ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «қара туризм» немесе «қаралы туризм» дегенді білдіреді. Оның ең жарқын мысалдары – АҚШ-тағы Алькатрас түрмесі, Польшадағы Освенцимдегі Холокост мұражайы, Новодевичье зираты және Украинадағы қараусыз қалған Припять қаласы. Ал қазақ жеріндегі Арал, Байқоңыр, Семей полигоны, бір кездері тұрғындар

тастап кеткен елес қаласы – Курчатов осы тізімге кіреді.

Зұлмат жылдардың тағы бір куәсі, атының өзі жанымызды тітіркендірген музейге жету аса қиын емес, Астанадан Қарағандыға жетіп, вокзалынан Шахтинск қаласына жүретін қалалық қоғамдық көлікке отырып, Шахтинскіге бұрылған жерден Долинка кентіне қатынайтын автобустарға ауысып мініп, тез жетесіз. Одан бөлек, такси де зырылдап тұр.

Музейге жылына 40 мыңға жуық адам келеді екен. Әсіресе көктем-күз айларында кісі аяғы басылмайды. Біз барған кезде де Германиядан келген туристер болды, одан бөлек бірлі-жарым шетелдік қонақтарды байқадық. Ал облыстағы колледж студенттері лек-легімен келіп жатты. Бұл да оқу бағдарламасында ескерілген патриоттық тәрбие жұмысының маңызды шарасына кіреді екен. Үлгі алатын жайт. Жоғары сынып оқушыларының жергілікті тарихты меңгергені зиян болмайтыны анық. Бір жағынан атағы жер жарған қаралы туризм нысаны ретінде елдің есінде жүргені бізге ұнады. Бұл дегеніміз – өткен күндер зұлматының жаңғырығы өшпегені, бігеу жараның әлі сыздап, ұрпақтар жадында қалғаны.

Бірнеше күн Долинкада болып, тек музейді ғана аралап қоймай,

шағын ғана елді мекеннің көшелерін аралап шықтық. Музейге айналған Қарлағ басқармасының бұрынғы ғимараты ғана емес, бұл жердің бәрін ашық аспан астындағы музейге айналдыруға болады. Мұндағы үйлер 1933-1935 жылдары салынған күйінде, барлығын да бір-бір тарихи жәдігер деп айтуға болады. Соның бірі – музей артындағы еңселі үй. Көргендердің айтуынша, биіктігі 3 метр, қабырғасының қалыңдығы сала құлаш екен. Еңселі үйді лагерь басшыларына арнайы салған. Емен тақтайдан бедерлеп өрнектеген биік шарбағы сол күйінде, ғасырға жуық уақыт өтсе де қисаймаған. Темір топсасы да қалыпты. Шарбақтың артынан шәуілдеген күшік бұл үйдің жеке иелікте екенін білдірді. Лагерь ғимаратының бірі – емхана сол кездегіден көп өзгермеген. Қазір де Долинканың емханасы. Бір кездері жапондық тұтқындар салған мәдениет үйі болыпты. Ол қолмен қиратылған. Долинкалықтар әлі күнге дейін соған іші ашиды. Әп-әдемі ғимарат еді деп қояды. Орталыққа жақын жердегі автобазаның кіреберісіндегі аспалы темір қақпа да сол күйінде қалыпты. Ішіне қарай көз салсаңыз, есік-терезесі қираған, бірақ шатыр мен қабырғасы бүтін әрі биік. Жеке иелікте деп айтты. Сонда да темір қақпа



музей құрамына кірсе, туристер үшін маңызды нысан болар еді. Кенттің өзі бір музей дерсіз. Шатыры биік түскені – украиндық тұтқындардың, одан төмені – кавказдық және басқа да сәулетті нысандар жеткілікті. Жертөледе де адамдар тұрған. Күні кешеге дейін Маша төтей тұрған екен, ол кісі қайтыс болған соң жертөле иесіз жатыр. Бірақ құрылыс ескі жәдігер ретінде, кеңес адамын тығырыққа тыққан әрекетінің тілісіз куәсі.

Әрине, аш-жалаңаш, ауыр күнде адам өлімі таңғаларлық құбылыс емес. Олардың бәрі «Мамочкино» зиратында жатыр. Ол туралы көп айтылып, көп жазылды. Ескерткіш ретінде 2005 жылдың 21 қыркүйегінде ашылды және Рим Папасы Иоанн Павел II-нің сапары кезінде – 2001 жылы 27 маусымда зиярат еткен. Канонизацияланған діндар Алексей Зарицкий де осы жерде тыныс тауыпты.

Сәбилердің томпақ қана қабірі жүрекке ауырлық түсіреді. Әйелдер барағын қоршаған қарулы күзетшілердің мына сәбилердің көрген жарығына қатысы жоқ па екен деген ой келді. Қарулы күзетші демекші, музей қызметкерлерінің айтуынша, жер асты жолы болған. Азаптау камерасынан шыққан тұтқындар сонда атылып, сол жол арқылы

елді мекеннің сыртындағы үлкен шұңқырға көмілген. Зерттеушілер бауырластар зиратын да тауыпты. Әрі қарай ізденіс тоқтап қалған.

Мені таңғалдырған тағы бір нәрсе – жайқалып өскен кәрі ағаштардың көптігі. Кезінде мұнда Долинка орманы болыпты. Онда суыққа төзімді жүзімге дейін өсірген. Қазір орнында ескі томарлар қалған деді. Оған жол түспеді. Дегенмен жасыл желекке бөленген жер екен. Бейне бір тұтқындардың көз жасымен көтеріп, өткен күнге салауат айтып, үнсіз егіліп тұрғандай. Аспанға қарай тартылып өскен ағаштардың тар шарбағын бұзып, еркіндік бергің келеді.

Осындай ауыр оймен Астанаға оралдым. Бұл жер музей болуға сұранып тұр. Арасына жеңіл машина қойып, экскурсия сағатын белгілеп қойса, әрі кетсе 45 минутта айналып шығуға болады. Мұны музей қызметкерлері ұйымдастыра алмас, дегенмен Қарағанды облыстық басқармасы қолға алып, ескі барактарды иелерінен сатып алып, бұрынғы қалпында қалдырса, офицерлер үйін, лагерь басшысының үйін, одан басқа да ескі ғимараттардың сыртқы бейнесін бұзуға, жөндеуге тыйым салса, осы бір қаралы туризм нысаны еш жерде баламасы жоқ, бірден-бір ғибраты мол мекенге айналар еді...

ЖАЙЫҚТЫҢ АҚЫН ЖІБЕГІ

Айтыс ақыны, филология ғылымдарының кандидаты Жібек Болтанованың жеке құжаттары Астана қаласы Мемлекеттік архиві қорына қабылданды. Ұлттық домбыра күніне орай өткен іс-шара аясында «Жайықтың ақын Жібегі» атты дөңгелек үстел отырысы мен «Домбыра – ұлттың асыл қазынасы» көрмесі ұйымдастырылды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Ақынның шығармашылығынан сыр шертетін көрмеге Жібек Болтанованың балалық шағынан бастап қазіргі күнге дейінгі фотосуреттер, ол туралы баспасөз беттерінде жарияланған материалдар қойылды. Өнер ақылға анасынан дарыған. Жібектің анасы Баян Құбайқызы республикалық өнер және цирк студиясында (қазіргі Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада және цирк колледжі) Қазақ КСР халық

әртісі Ғарифолла Құрманғалиевтен дәріс алды. Қызын да өнерге баулып, Жібек оқушы кезінде республикалық жыршы-термешілердің байқауына қатысты. Айтыс сахнасында да біршама жетістікке жетті. Мәселен, Ақмола Астана атанғанда, бас қалада ұйымдастырылған алғашқы республикалық айтыстың бас жүлдесін иеленді.

Жалпы Жібек Болтанованың елорда тұрғыны болғанына 30 жылға жуықтады. Содан бері Астанамен бірге өсіп-өркендеп, елорданың дамуына өзіндік үлесін қосып келе жатыр. Ал ғасырлар тоғысында өткен сол



айтыс ұйымдастырылғанда бас қалаға келгеніне екі ай ғана болған еді. Осында ғылымға ден қойып, ғылыми атағын ҰҒА академия Рымғали Нұрғалидың жетекшілігімен қорғады. Бүгіндері ақын Музыкалық жас көрермен театрында әдебиет


бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып отыр. Дөңгелек үстел отырысын Астана қаласының Мемлекеттік архиві ғылыми зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметі басшысының орынбасары, ақын, жазушы Ұларбек Дәлейұлы тізгендеді.

Елордада Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Құралай Ешмұратованың 80 жас және Астана қаласы әкімдігіне қарасты Қуыршақ театрының 15 жылдық мерейтойына арналған IV халықаралық «Құралай» қуыршақ театрларының фестивалі өтіп жатыр.

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫНЫҢ САЛТАНАТЫ

Жастар сарайынан Ж.Омаров көшесіндегі Музыкалық жас көрермен театрына дейін шерумен басталған фестивальдің мақсаты – қуыршақ театры өнерін дамыту және танымал ету. Тамыры терең мәдениетіміз бен өнерімізді әлем жұртшылығына насихаттау. Жаһандық театрлармен шығармашылық байланысты арттыру, тәжірибе алмасу, қуыршақ жүргізу шеберлігін шыңдау. Ал ең

негізгі мақсаттардың бірі – рухани-танымдық қойылымдар арқылы кішкентай көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Осы жолғы фестивалге 14 театр қатысып жатыр. Атап айтқанда, Англия, Австрия, Қытай, Түркия, Грузия, Испания, Таиланд, Өзбекстан және Қазақстанның қуыршақ театрлары қойылымдарын ұсынуда. Іс-шара ертең түйінделеді.



Бүгінгі таңда құқық қорғау саласына ақпарат технологиялары қарқынды түрде енгізілуде. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде бейнебақылау жүйелері белсенді қолданылады. Көшелер мен қиылыстарда, тұрғын үйлердің аулалары мен кіреберістерінде, сауда объектілерінде, көңіл көтеру орындарында бейнекамералар үздіксіз жұмыс істейді. Олардың қаладағы қылмысты азайтудағы әсері және жалпы цифрландырудың полиция департаменті ақпараттандыру және байланыс басқармасының аға инспекторы, полиция капитаны Бақберген ҚАЛТАЙДАН сұрадық.

ЦИФРЛАНДЫРУ – ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСТІҢ ТИІМДІ АМАЛЫ

– Елордада құқық қорғау қызметін цифрландыру жұмысы қалай жүргізілуде?

– Бүгінде ІІМ-нің цифрлық экожүйесі ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігіне айналуда. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде заманауи технологиялардың рөлі айрықша. Соның ішінде интеллектуалды бейнекамералар экожүйенің негізгі элементіне айналды. Бұл камералар адамның бет-жүзін, әртүрлі затты, қару-жарақ пен түгінді анықтай алады. Адам көп жиналған жерлерді де автоматты түрде белгілейді. Бұдан бөлек, олар адамның жынысы, жасы, бетінде маска немесе көзілдіріктің бар-жоғын да таниды. Осы мүмкіндіктердің арқасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен оларды дер кезінде анықтау едәуір жеңілдеп келеді. Сонымен қатар патрульдік қызметкерлердің жұмысын жеңілдету үшін «ақылды» жетондар мен көзілдіріктер енгізіліп жатыр. Олар арқылы іздеуде жүрген азаматтар мен арнайы есептегі көліктерді таңуға болады. Жүйе бүкіл ақпаратты автоматты түрде жедел басқару орталығына және қызметкерлердің планшетіне жібереді.

Тағы бір маңызды жаңалық – жол қиылыстарында орнатылып жатқан «ақылды

жаяу жүргінші өткелі» жүйесі. Құрылғы жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер тарапынан жасалған ереже бұзушылықты тіркеп, тиісті ақпаратты бірден патруль қызметкерінің планшетіне жеткізеді. Барлық шешімнің басты мақсаты – қоғам қауіпсіздігін арттыру, азаматтардың өздерін сенімді әрі қорғалғанын сезінуіне жағдай жасау.

Астанада жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында жаңа технологиялар тесттен өтуде. Қала аспанында интеллектуалды видеобақылау жүйесі бар дрондар жұмыс істей бастады. Олар тек жол ережесін бұзушыларды анықтап қана қоймай, полицияға көліктерді жедел іздеуге көмектеседі. Интеллектуалды видеобақылау жүйесі бар дрондар бұзушылықты жылдам анықтап, алдын алу шарасын қолдануға мүмкіндік береді. Бұл жол-көлік оқиғасының санын азайтып, жол тәртібін күшейтеді.

– Жүзеге асып жатқан басқа қандай ірі жобаларды атап айтар едіңіз?

– Қазіргі таңда әрбір патруль полицией өшірілмейтін, ауа райына және геолокацияға қарай жұмыс істейтін «смартжетондармен» қамтылған. Операторлар және жедел басқару орталығы онлайн түрде бейнені қа-

дағалап, қызметкердің бағытын бақылай алады. Бұл шара жол қозғалысы бұзушылығын автоматты түрде анықтауды жеңілдетті. Соған қоса «Жол қозғалысы бақылауы» және «Қорғау» мобильді қосымшасы іске қосылды. Елордада жолдарда 34 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған. Олар барлық жол бұзушылықтың 60 пайызын автоматты түрде анықтайды. «Қорғау» жобасы жалған нөмірлерді, сақтандырусыз көліктерді, іздеуде жүрген, айыппұлын төлемеген жүргізушілерді идентификациялайды. Бұл ақпарат офицерлердің планшетіне және жедел басқару орталығына жіберіледі.

– Цифрландыру жобаларының қаладағы қылмысты азайтуға ықпалы қандай?

– Цифрландыру жобаларының елордада қылмысты азайтуға нақты әрі елеулі ықпалы бар. Бұл әсер бірнеше нақты бағыт бойынша байқалады. Біріншіден, қылмыстың ашылу деңгейі артты. Бейнебақылау жүйесі арқылы 20 мың әкімшілік құқық бұзушылық, 1500-ден астам қылмыстық іс, 2800 жол ережесін бұзу фактісі тіркелген. Қаланың «ақылды» камералармен жабдықталуы қылмыскерлерді жедел анықтап, ұстауға мүмкіндік береді. Көшедегі және

қоғамдық орындардағы қылмыс азайды. Камералар орнатылған аймақтарда ұрлық, тонау, бұзақылық секілді қылмыс саны 30-40 пайызға төмендеген. Патрульдік полицияның тиімділігі артты. Бейнетіркеу құралдары және планшет арқылы тәртіп бұзушыларды онлайн режимде анықтау, автокөліктерді бақылау және қылмыскерлерді автоматты түрде табу мүмкін болды.

Полицейдің іс-әрекеті бейнетіркеуде жазылады – бұл сыбайлас жемқорлықты азайтып, халық сенімін арттырды. Жедел әрекет ету уақытты үнемдеді. Қоғамдық орындарда болған оқиғаларға жедел ден қою мүмкіндігі артты. Камералар, алгоритмдер, жасанды интеллект негізінде дабыл беріліп, тиісті бөлімшеге бағытталады. 2021-2024 жылдар аралығында Астанада ауыр және аса ауыр қылмыстар 20-25 пайызға төмендеді, қоғамдық орындардағы қылмыс 30 пайызға азайды, кісі өлтіру, тонау, ұрлық бойынша ашылу көрсеткіші 70 пайыз және одан жоғары деңгейге жетті. Президентіміздің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмасы іске асуда. Қоғаммен өзара іс-қимыл жөніндегі жұмыс толық құрылды.

АҒА СЕРЖАНТ АРАЙ

Елдің қауіпсіздігін сақтайтын тәртіп сақшысына, мейлі ол нәзік жан болса да, ер мінезіне қоса, ерекше күш пен қабілет керек. Астана Полиция департаментіне қарасты жедел қызмет бөлімінің аға сержанты Арай Мусина – сондай қызметкер.

Арай – бұл қызмет әйел немесе ер адам екеніне емес, мінезді қажет ете отырып атқарылатынын күн сайын дәлелдеп жүрген тәртіп сақшысы. 25 жастағы ару ұжымда әріптестерінің құрметіне бөленіп, өзін жылдам және төзімді әрі тез шешім қабылдай білетін жедел уәкіл ретінде дәлелдеп үлгерді.

Көпбалалы отбасында дүниеге келген Арай үйдегі бес баланың үлкені болғандықтан, жастайынан бауырларына қамқор болуда ерекше жауапкершілікті сезініп өсті. Полицияны да мамандығы ретінде саналы түрде таңдады. Педагогикалық колледжде оқып жүргенде өзін тәртіп сақшысының жұмыс формасында елестетіп, полицей киімін кигісі келетінін түсінді. Ол кезде бірден жылдам қимылдайтын арнайы жасақ құрамына өту мүмкін болмады. Ал бүгінде жедел қызмет оның қылмысның өзегіне айналды.

Қазіргі таңда Арай 19 ер адам мен бар болғаны 2 әйел қызмет ететін бөлімшеде жұмыс істейді. Алайда ол дене күші жағынан болсын, шыдамдылық тұрғысынан болсын ерлерден қалыспайды. Оған бұл жағынан мықты болуға спортты серік етуі септік етеді. Себебі ол 17 жылдан бері, яғни 8 жасынан бастап рингте жарысып келеді. Бокс, кикбоксинг және қол күресінен спорт шебері Арай талай рет жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткен. Былтыр тамызда Таразда өткен қол күресінен Қазақстан чемпионатында 2-орын алса, осы спорт түрінен VII халықаралық әлем чемпио-натында ІІМ атынан қатысып, елге күміс медальмен оралды.



– Жедел қызмет бөліміндегі жұмыс тез ойлап, жылдам шешім қабылдауды ғана емес, шымырлықты, дене күшін қажет етеді. Біздің бөлімшенің тәртіп сақшылары көшедегі қылмыспен күн сайын ұшырасады, сол кезде тонаушылар мен қалта ұрыларын қууға, заң бұзушыларды көшенің ортасында ұстап алуға тура келеді. Сондай кездегі шұғыл қимылдауың мен төзімділігің көп нәрсені шешеді. Бастысы – жылдамдық және тез ойлап, бірден әрекет ету. Жедел қызметте жайбарақат жүру деген болмайды, – дейді кейіпкеріміз.

Арай биыл тамыз айында Атырауда өтетін ІІМ турнирінде елордалық Полиция департаментінің намысын қорғайды. Ал қыркүйекте кикбоксинг бойынша чемпионатқа қатысады. Қазір жұмысына қосымша сол жарыстарға қызу дайындық үстінде.

Полицей қызметін ол маңдайына жазылған мамандық деп санайды. Алда заң саласында жоғары білім алып, әрі қарай кәсіби тұрғыда дамуды көздейді. Арай Мусина жай ғана қызметкер емес. Ол – жаңа дәуірдің спортты серік еткен төзімді де шыдамды, ақылды да мақсатшыл заманауи полициясы.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

БЕТ ТҰМШАЛАУҒА – РЕСМИ ТЫЙЫМ

Қазақстанда бетті тұмшалайтын киімдерге ресми түрде тыйым салынды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық орындарда бетті жабатын киім киюге тыйым салатын заңға қол қойды. Енді қоғамдық орындарда адамның бет-жүзін тануға кедергі келтіретін киімді киюге ресми түрде тыйым салынады. Бұл шара қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Алайда кейбір жағдайда бұл тыйым қолданылмайды. Атап айтқанда, Қазақстан заңдары талаптарын орындау кезінде, қызмет немесе еңбек міндеттерін атқару барысында, медициналық мақсатта, азаматтық қорғау кезінде, ауа райының қолайсыздығына байланысты және спорт, бұқаралық-спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысу кезінде қажеттілігіне қарай бетті тұмшалауға тыйым жоқ. Бұл норма тиісті заңға енгізілген өзгерістер аясында заңдастырылды. Жалпы аталған заңды өзгерту туралы ұсыныс 2018 жылы қаралып, Мәжіліске кері қайтарылған болатын. Енді, міне, биыл қайтадан Парламент Сенатының депу-

таттары бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім түрлерін алып тастауға қол жеткізіледі. Қазіргі таңда әрбір патруль полицией өшірілмейтін, ауа райына және геолокацияға қарай жұмыс істейтін «смартжетондармен» қамтылған. Операторлар және жедел басқару орталығы онлайн түрде бейнені қа-

Мемлекет басшысы биыл Ұлттық құрылтай отырысында ұлттық киімді жан-жақты дәріптеу туралы айта келе, бет-жүзді тұмшалайтын қара киімге қатысты ойын ортаға салған еді. «Ұлттық киім кию біртіндеп қалыпты көрініске айналып келеді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Бет-жүзді тұмшалайтын қара киімнен гөрі өзіміздің ұлттық киімдеріміз әлдеқайда артық.



Әсіресе, әйелдердің дәстүрлі киімі өте ғажап көрінеді. Себебі ұлттық киім – біздің бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды көрінісі. Оны жан-жақты дәріптеуіміз керек» деген еді ол.

Жалпы елімізде соңғы жылдары хиджаб мәселесі жиі талқыланып жүр. Осы киімге байланысты деструктивті діни ағымдар қарқынды жұмыс жүргізіп жатқаны айтылып, депутаттар мен қоғам қайраткерлері дабыл қақты. Қазақ әйелдері басынан ақ жаулығын тастамағаны белгілі. Бірақ ешқайсысы бет-жүзін бүркемеген. Исламда да «бетті тұмшалап, қара киіну керек» деген талап жоқ.

БАЛА ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН!

Жыл басынан бері елімізде 90 бала терезеден құлап кетсе, соның 40-ы Астанада болыпты. Елордада көпқабатты үйлерден құлаған бұл балалардың 10-ы көз жұмған. Полиция мен төтенше жағдай қызметкерлері дабыл қағып, ел ішінде қайғылы жағдайдың алдын алу бағытында түсіндіру жұмысын күшейтті. Дегенмен ең алдымен ата-ананың мұқияттылығы мен жауапкершілігі керек-ақ.

Бас қаладағы осындай оқиғалардың соңғысы биыл 19 маусымда болған. 2 жасар бала елордадағы көпқабатты үйдің 5-қабатынан құлап кеткен. Сәби сол пәтерге келген қонақтардың баласы болып шыққан. Ересектер жағы залда отырғанда, бала асханада өз бетінше терезе алдына шығып, әрі қарай асылып, құлап кеткен. Ауыр жағдайда ауруханаға жеткізілген балаға медициналық көмек көрсетілген. Елорда полициясы ата-аналарды балаларына мұқият болуға шақырады. Өйткені мұндай жағдайлардың көбі үлкендер тарапынан балаға дұрыс қарамаудың, қарапайым сақтық ережелерін сақтамаудың салдарынан болады. Қайғылы

оқиғалардың тағы бір басты себебі – балалардың масадан қорғайтын москит торларына сүйенуі. Бұл торлар баланың салмағын ұстап тұра алмайды. Елімізде былтыр осындай 196 жағдай тіркелген. Көп жағдайда терезеден құлау ата-ананың қарауынсыз қалған 2-13 жас аралығындағы балалар арасында болады.

Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін мынадай қарапайым ережелерді сақтау керек: терезені ашқанда немесе бөлмені желдеткенде сол жерде балаларды қараусыз қалдырмаңыз; үйде үлкендер жоқта балалардың балконға шығуына тыйым салыңыз және ересек адамдармен бірге шығуын қадағалаңыз; кішкентай ба-

лаларды, тіпті олар ұйықтап жатса да пәтерде жалғыз қалдырмаңыз; бала терезенің алдына шығып кетпес үшін жиһаздарды, әсіресе керует пен орындықтарды терезеден алыс қойыңыз; бала терезеден қарауы үшін аяғының астына заттар қойып, терезеге асылуына жол бермеңіз, бұл әрекетін бірден тыйып тастаңыз, баланы терезенің алдында ойнатпаңыз; баланың терезені өз бетінше ашуына кедергі келтіретін қауіпсіздік құлыптарын (блокаторлар) орнату керек.

Балаңыздың қауіпсіздігі – өз қолыңызда. Тек аса мұқият болу және үлкен жауапкершілікпен ғана қайғылы жағдайдың алдын алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ
«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505

бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Алаш тас жолы мен Жетіген көшесінің қиылысы ауданы мекенжа-

йында орналасқан «Өндірістік база» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды, тапсырыс беруші «KAZKAT GROUP» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 1 тамызда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін

3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Suuynova. zh@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

Астана қаласының Білім басқармасы мен Білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы Астана қаласының Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Бимендіна Әсіма Темкенқызының сіндісі
СӘЛІМА ТЕМКЕНҚЫЗЫНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

8 | НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

№77 (4821) 03/07/2025 Бейсенбі

3.07
20:00
«JAZZVIBE»
КОНЦЕРТІ

Амфитеатр,
Тұран даңғылы, 2/6

3-5.07
16:00
Қазақ күресінен
Қазақстан
чемпионаты

Beeline Arena

4.07 **19:00**
«АСЫЛ МҰРА» КОНЦЕРТІ

Бейбітшілік және
келісім сарайы

4.07
11:00
«ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН АСТАНА»
КІТАПНАНА FEST

Орталық балалар
мен жасөспірімдер
кітапханасы

4.07
«АСТАНАҒА
АРНАУ» КӨШЕ
ФЕСТИВАЛІ

М.Өтемісұлы
атындағы
Оқушылар сарайы

4.07
11:00
«ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН АСТАНА»
КІТАПНАНА FEST

Орталық балалар
мен жасөспірімдер
кітапханасы

4.07
«АСТАНА»
МЕРЕКЕЛІК
КОНЦЕРТІ

Әл-Фараби атындағы
Оқушылар сарайы

5-6.07
11:00, 14:00
ҚАЛАЛЫҚ
ПЕРФОРМАНСТАР
ФЕСТИВАЛІ

Қалалық алаң,
Орталық саябақ,
«Жетісу» саябағы

5.07
20:30
«АСТАНА – АРМАН ҚАЛА»
КОНЦЕРТІ

Амфитеатр,
Тұран даңғылы, 2/6

5-6.07
«Әскери керней»
VI әскери-музыкалық
фестивалі

«Ғашықтар», «Жетісу»,
«Жеруық» саябақтары,
Қазақ елі алаңы

6.07
18:00
OPEN AIR
КОНЦЕРТІ

«Астана Арена»
стадионы

5-6.07
«МЕРЕКЕЛІК
САБАҚ» ОТБАСЫ
ДЕМАЛЫСЫ
ФЕСТИВАЛІ

Орталық саябақ

6.07
«АРМАНДАР
ОРЫНДАЛАДЫ»
СПЕКТАКЛІ

Ә.Мәмбетов
театры

6.07
«ЕЛОРДАЛЫҚ
БАТЛ»
БИ САЙЫСЫ

«Ақжайық»
саябағы

6.07
«ЕЛОРДА КУБОГЫ»
БӘЙГЕСІ

«Қазанат»
атишабы

7.07
Ұлттық домбыра
күніне арналған
концерт

Амфитеатр,
Тұран даңғылы, 2/6

**ТЫҒАН
КҮНІНІМЕН,
СҮІІКТІ ҚАЛАМ!**

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 77

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ